



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

23.12.2022 ж.

№ 21, 2-т.

**Қарағанды облыстық ұйымының кәсіподақ ұйымдарындағы қаржылық тәртіпті нығайту, кәсіподақ мүшелік жарналарын және жарғылық қаржылық міндеттемелерді төлеу, бөлу тәртібі туралы ережені орындау жөніндегі жұмысы туралы**

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіподақтың Қарағанды облыстық ұйымының төрағасы А.А.Ракишеваның «Қарағанды облыстық ұйымының кәсіподақ ұйымдарындағы қаржылық тәртіпті нығайту, кәсіподақ мүшелік жарналарын және жарғылық қаржылық міндеттемелерді төлеу, бөлу тәртібі туралы ережені орындау жөніндегі жұмысы туралы» ақпаратын назарға алынсын.

2. Қарағанды облыстық кәсіподақ ұйымына (төраға Ракишева А.А.) төмендегі жұмыстарды жүргізу ұсынылсын:

- Кәсіподақтың бірыңғай қаржы саясатын іске асыру жөніндегі кәсіподақтың XIV съезінің шешімдерін орындау жөніндегі жұмысты жалғастыру;

- кәсіподақ органдарында қаржылық тәртіпті, атқарушылық тәртіпті нығайту жөніндегі жұмыстың нысандары мен әдістерін кәсіподақ органдары бекіткен мөлшерде мүшелік жарналарды аудару жөніндегі қаржылық міндеттемелерді сақтауда жетілдіру;

- кәсіподақ ұйымдарының тиісті кәсіподақ органдары алдындағы қаржылық міндеттемелерінің сақталуын және кәсіподақ жарналарының тиімді пайдаланылуын бақылауды ұйымдастыруда кәсіподақ ұйымдарының бақылау-тексеру комиссияларының рөлін арттыру;

- облыстық кәсіподақ ұйымының қаржылық жұмысында басқару, есепке алу және бақылау процестеріне цифрлық технологияларды енгізу жөніндегі жұмысты жалғастыру, қызметкерлерге жалақының және өзге де төлемдердің карточкалық шоттарына қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға шұғыл түрде толық көшуді қамтамасыз ету;

- бухгалтерлік құжаттар мен ақшалай қаражаттарды сақтаудың қауіпсіз жағдайларын жасау мақсатында облыстық кәсіподақ комитетінің Бухгалтерия үй-жайын материалдық-техникалық жарақтандыру жөнінде шаралар қабылдау;

- қайырымдылық, материалдық көмектің түрлері мен төлемдерін анықтау кезінде заңнаманың сақталуына ерекше назар аудару, салық заңнамасын бұзу фактілеріне жол бермеу.

3. Облыстық кәсіподақ ұйымына осы қаулының тапсырмалары мен ұсынымдарының орындалуы туралы 2023 жылғы 1 сәуірге мерзіміне Кәсіподақтың Орталық комитетін хабарласын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау кәсіподақ төрағасының орынбасары В. Ф. Беженаровқа жүктелсін.

**Төраға**



**А. Мұқашева**